«Бекітемін»
Мектеп директоры:
_____ М.Изатуллаева

# «Қос-қорған жалпы орта мектебі» КММ
# «Мектеп Парламентінің»
# 2023- 2024 оқу жылына арналған
# іс-шаралар жоспары

| № | Іс әрекет мазмұны шаралар | Іс әрекеттің әдісі мен түрлері | Сы-нып | Жауаптылар | Есеп түрі |
|---|---|---|---|---|---|
| | **қыркүйек** | | | | |
| | Топ басшылырының жиналысын өткізу. Балалар мен жасөспірімдер ұйымдарын дамытудың 2023 – 2024 оқу жылына арнаған іс - шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту. Сынып белсенділерін сайлау | отырыс | 8-11 | өзін – өзі тану және бақыт фракциясы | хаттама |
| 2 | «Менің сүйікті отбасым» | сурет көрмесі | 1-6 | ақпарат фракциясы | фото,анықтама |
| 3 | «Біз денсаулықты таңдаймыз!» | Флешмоб | 1-5 | спорт және салауатты өмір салты бағыты | фото,анықтама |
| 4 | «Менің таза аулам» мектеп ауласын қоқыстан тазарту жұмысы. | сенбілік | 5-11 | Экоәлем және Еңбек бағыты | фото,анықтама |
| 5 | Сайлау науқаны | сайлау | 1-11 | Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы | фото, анықтама |
| | | | | | |
| | **қазан** | | | | |
| | «Қариясын қәстерлеген ел ардақты» қарияларды мерекемен құттықтау | кездесу | 7-11 | қамқорлық фракциясы | анықтама |
| | «Ұстазыма мың алғыс» ұстаздар күнін ұйымдастыру | мерекелік іс-шара | 1-11 | мәдениет және өнер фракциясы | анықтама |
| 2 | Өзің – өзі басқару күні «Дублер» күні | акция | 8-11 | Фракция мүшелері | анықтама, фото |
| 3 | «Ұстаз болу жүректің батылдығы» мұғалімдер күніне арналған қабырға газетін шығару. | қабырға газет | 6-10 | ақпарат фракциясы | анықтама, фото |
| 4 | «Күзгі балл -2023» жарысын өткізу | байқау | 8-10 | мәдениет және өнер фракциясы | фото, анықтама |
| 5 | 25 - қазан Республика күні «Менің елім – Қазақстаным!» | мерекелік концерт | 1-11 | мәдениет және өнер фракциясы | фото, анықтама |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **қараша** | | | |
| 1 | «Тіл білгірлері» | Интелектуал-ды сайыс | 1-11 | мәдениет және өнер фракциясы | фото, анықтама |
| 2 | «Айгөлек-2024» | ән-би байқауы | 1-10 | мәдениет және өнер фракциясы | анықтама, фото |
| 3 | «Біз темекісіз Қазақстанды қолдаймыз» | акция | 1-11 | спорт және салауатты өмір салты фракциясы | фото, анықтама |
| | | **желтоқсан** | | | |
| 1 | «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымын қатарына оқушыларды қабылдау | жиын | 1-5 | өзін – өзі тану және бақыт фракциясы | фото, анықтама |
| 2 | «Тәуелсіз елдің мақтанышы» | кездесу | 5-11 | мәдениет және өнер фракциясы | фото, анықтама, |
| 3 | «Келдің міне, Жаңа жыл» | мерекелік шара | 1-11 | мәдениет және өнер фракциясы | сценарий, анықтама |
| 4 | Тоқсандық қорытынды жиналысы | жиналыс | 8-11 | өзін – өзі тану және бақыт фракциясы | анықтама |
| | | **қантар** | | | |
| 1 | «Өзіңді тану - өмірді тану» | пікірталас | 9-10 | дебат,өзін - өзі тану және бақыт фракциясы | фото, анықтама |
| 2 | «Құқықтық сауаттылық заман талабы» | Дөңгелек үстел | 9-11 | құқық және тәртіп фракциясы | фото, анықтама |
| 3 | «Қысқы сыйлық» акциясы | акция | 5-11 | экология және еңбек фракциясы | фото, анықтама |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ақпан** | | | | |
| 1 | Топ басшыларының жиналысы | отырыс | 7-11 | өзін - өзі тану және бақыт фракциясы | фото, анықтама |
| 2 | Сабақ үлгеріміне рейд, оқушылардың киім киісі, бой-басы тазалығын тексеру | рейд | 7-10 | құқық және тәртіп фракциясы | фото, анықтама |
| 3 | **«Ауғанның от жалыны»** Ауған соғыс ардагерлерімен кездесу ұйымдастыру | кездесу | 5-10 | мәдениет және өнер фракциясы | фото, анықтама |
| 4 | «Таза аула» акциясы | акция | 1-11 | экология және еңбек фракциясы | фото, анықтама |
| | **наурыз** | | | | |
| | 1 наурыз – Алғыс айту күні | іс -шара | 1-11 | мәдениет және өнер фракциясы | фото, анықтама |
| | «Әлем бесігін тербебетін жан - АНА» мерекелік концерт | мерекелік іс-шара | 5-11 | мәдениет және өнер фракциясы | сценарий ,фото, анықтама |
| | «Білім артық па, байлық артық па?» | дебат | 1-11 | дебат фракциясы | сценарий, фото, анықтама |
| | 22-Наурыз **«Ұлыстың ұлы күні»** мерекесіне байланысты қабырға газеттерін, бұрыштар ұйымдастыру | қабырға газет | 8-11 | ақпарат фракциясы | фото, анықтама |
| | **сәуір** | | | | |
| | 1 - сәуір «Құстар күні» | сурет көрмесі | 5-11 | экология және еңбек фракциясы | сценарий, фото |
| | «Жас Ұлан» тазалық үшін!» | сенбілік | 1-11 | экология және еңбек фракциясы | фото,анықтама |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 7-**сәуір «Халықаралық – денсаулық күніне»** орай флешмоб ұйымдастыру | флешмоб | 1-11 | спорт және салауатты өмір салты фракциясы | фото,анықтама |
| | **«Ғарышкерлер күніне»** байланысты **«Қазақстандық ғарышкерлер»** тақырыбында көрме ұйымдастыру | көрме | 8-10 | ақпарт фракциясы | фото,анықтама |
| | **мамыр** | | | | |
| | **«Ынтымақ достық кепілі»** Ұлттар достығы мерекелік концерт ұйымдастыру | мерекелік концерт | 1-11 | мәдениет және өнер фракциясы | сценарий,фото, анықтама |
| | «Жеңіс туы астында...» Ардагерлермен кездесу | кездесу | 1-11 | мәдениет және өнер фракциясы | сценарий,фото, анықтама |
| | «Жас Ұландар» аллеясы | сенбілік | 5-11 | экология және еңбек фракциясы | фото, анықтама |
| | «Жыл оқушы - 2024» номинациясын анықтау | байқау | 8-11 | мәдениет және өнер фракциясы | фото,анықтама |
| | **« Соңғы қоңырау»** салтанатты жиынына дайындық жұмыстары | мерекелік концерт | 1-11 | мәдениет және өнер фракциясы | анықтама, фото |

Аға тәлімгер: Х.Нарзулла

Бекітемін:
Мектеп директоры: М.Изатуллаева

**«Қос-қорған» жалпы білім беретін мектебнің Өзін-өзі басқару ұйымының 2023-2024 оқу жылы бойынша жылдық отырысының жұмыс жоспары**

| № | Жұмыс түрлері | Өткізілу түрі Аяқталу нысаны | Жауапты | Орындалу мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Мектептегі тәртіпті қадағалау<br>Оқушыларды барынша мектеп өміріне қатыстыру<br>Саналы,патриот оқушыларды тәрбиелеуге үлес қосу<br>Өзіне қойылған міндеттерді орындау | үнемі | Мектеп президенті | Қыркүйек |
| 2 | «Мектеп Президенті» сайлау<br>Әлеуметтік желіге салу | Анықтама хаттама | Аға тәлімгер | Қыркүйек |
| 3 | ***I отырыс***<br>***Күн тәртібінде:***<br>. 1.Өзін-өзі басқару ұйымының жылдық жоспарын бекіту;<br>2.Мектеп оқушыларына Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын таныстыру | Жиналыс хаттама | Мектеп президенті Фракция мүшелері | Қыркүйек |
| 4 | ***II отырыс***<br>***Күн тәртібінде:***<br>2. 1 қазан қарттар күніне дайындалу<br>3.Ағымдағы мәселелер | Жиналыс хаттама | Мектеп президенті Фракция мүшелері | Қыркүйек |
| 5 | ***III отырыс***<br>***Күн тәртібінде:***<br>1.1 қазан қыздар күнін ұйымдастыру<br>2.Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары<br>3.Ағымдағы мәселелер | Жиналыс хаттама | Мектеп президенті Фракция мүшелері | Қазан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6 | ***IV отырыс:***<br>***Күн тәртібінде:***<br>1.Қоғамдық шаралардың өткізілу барысы<br>2.Өзін өзі басқару ұйымының жарты жылдық есебі<br>3.Ағымдағы мәселелер | Жиналыс Хаттама | Мектеп президенті Фракция мүшелері | Желтоқсан |
| 7 | ***V отырыс:***<br>***Күн тәртібінде:***<br>1.22 наурыз мерекесін ұйымдастыру шаралары<br>2.Окушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру жұмыстары<br>3. Сенбілікке шығу | Жиналыс Хаттама | Мектеп президенті Фракция мүшелері | Наурыз |
| 8 | ***VI отырыс:***<br>***Күн тәртібінде:***<br>1. Бірінші маусым балалар күнін ұйымдастыру шаралары<br>2. .Жазғы қауіпсіздік шаралары<br>3. Өзін өзі басқару ұйымының жылдық есебі | Жиналыс хаттама | Мектеп президенті Фракция мүшелері | Мамыр |

Аға тәлімгер: Х.Нарзулла

**«Қос-қорған жалпы білім беретін мектеп» КММ**
**Өзін өзі басқару ұйымының жиналысы болып өтті**

**Хаттама № 1**

**Күн тәртібінде:**

1.Өзін өзі басқару ұйымының жылдық жоспарын ,бекіту
2.Мектеп оқушыларына Өзін өзі басқару ұйымының жұмысын таныстыру

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелермен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.М.Асетова айтып өтті. 2023-2024 оқу жылы бойынша Өзін өзі басқару ұйымының жылдық жоспары бекітілді. Алдағы уақытта осы іс шара негізінде жұмыстар жасаймыз деп айтып өтті

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп тәлімгері Х.Нарзулла сөз алып өзін-өзі басқару ұйымының жұмысымен оқушыларды таныстырды.

1. Жалпы ережелер

1. Өзін - өзі басқару кеңесінің мақсаттары:

♦ Оқушылардың бірыңғай ұжымын қалыптастыру арқылы мектептің тәрбие жүйесін қалыптастыру және оқу - тәрбие үдерісін жетілдіру.

♦ Басқарудың демократиялық нысандарын кеңейту және мектеп оқушыларын педагогикалық ұжыммен ынтымақтастыққа тарту.

♦ Мамандарды даярлау сапасын жақсарту және пәнді нығайту.

♦ Оқушыларды ұжымдық шешім қабылдауға, іскерлік қарым – қатынасқа, ұйымдастырушылық жұмысқа дағдыландыру, олардың бастамалары мен белсенділіктерін, мәселелерді шеше білу ептіліктерін дамыту.

♦ Мектеп дәстүрлерін қалыптастыру және сақтау, оның меншігіне ұқыпты карауды тәрбиелеу.

♦ Оқушылардың өзіне - өзі қызмет көрсету, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы мәселелерді шешуге қатысуы.

2. Кеңес қызметі демократияның ізгілік, ынтымақтастық, жайдарылық, жалпы адамдық қағидасына, таңдаулылық және есеп берушілік, жаңарту мен бірізділік қағидаларына құрылады.

3. Өзін - өзі басқару Кеңесі келесі құжаттар негізінде қызмет етеді:

• Оқушылардың ішкі тәртіп ережелері;

• өзін - өзі басқаруды ұйымдастыру және оның комиссисының қызметі туралы ереже;

Х.Нарзулла өзін-өзі басқару ұйымының ережелерімен таныстырып ,алдағы өткізілетін жұмыстармен таныстырылып өтті.

**Сөйлеушілер:**

Мектеп президенті Эркинова Диляра сөз алды. Бүгінгі отырыста күн тәртібіндегі мәселелермен таныстым. Мектептегі өткізілетін іс шаралармен оқушыларды тартуды алға қойамыз. Әр фракция мүшелері өз іс шара жоспарымен жұмыстарды уақытылы ұйымдастырады деп ойлаймын.

**Жиналыс қаулы етеді:**

1.Өзін өзі басқару ұйымының жылдық жоспары негізінде іс шаралар уақытылы ұйымдастырылсын.
2.Мектеп оқушыларына Өзін өзі басқару ұйымының жұмысы таныстырылсын

**Өзін өзі басқару ұйымының жетекшісі:** **Х.Нарзулла**

**Хатшы:** **Ю.Жунешова**

**«Қос-қорған жалпы білім беретін мектеп» КММ**
**Өзін өзі басқару ұйымының жиналысы болып өтті**

**Хаттама № 2**

**Күн тәртібінде:**

2. 1 Қазан карттар күніне дайындалу

3. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелермен Мектеп президенті Эркинова Диляра таныстырып өтті.

**1 мәселе бойынша** 1990 жылы желтоқсан айының он төртінші жұлдызында БҰҰ Бас Ассамблеясы 1 қазанды "Халықаралық карттар күні" деп жариялаған болатын. Сол уақыттан бері бұл мереке атап өтіліп келеді. Мектебімізде биылғы жылы 1 қазан карттар күніне орай ауылымыздағы карт әжеміз Жунешова Анжир апаның үйіне барып мерекелік концерт ұйымдастырамыз. Соған дайындық жасау керекпіз. Іс шараларды уақытылы ұйымдастыру ,улкен дәрежеде өту маңызды орын алатыны жайлы айтылды.

**Сөйлеушілер:**

Бәрі бір ауыздан қолдады.

**Жиналыс қаулы етеді.**

2. 1 Қазан карттар күні дайындықты бастап, іс шаралар өткізілсін.

**Өзін өзі басқару ұйымының жетекшісі:** H.Xuk **Х.Нарзулла**

**Хатшы:** Ю. **Ю.Жунешова**

**«Қос-қорған жалпы білім беретін мектеп» КММ**
**Өзін өзі басқару ұйымының жиналысы болып өтті**

**Хаттама № 3**

**Күн тәртібінде:**

1.11 қазан қыздар күнін ұйымдастыру

2. Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары

3. Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселелермен Мектеп президенті Эркинова Диляра таныстырып өтті.

1 мәселе бойынша мектептегі қыздар ұйымының төрайымы У.Абдумуратова сөз сөйлеп Халықаралық қыздар күні бұл халықаралық мереке 11 қазан күні атап өтіледі. Оның мақсаты - қыздар кездесетін мәселелердің шешу жолдарын табу, сондай-ақ олардың құқықтарын қорғау мен мүмкіндіктерін кеңейту маңыздылығы туралы ескерту. 1995 жылы Пекинде (Қытай) өткен әйелдердің жағдайы жөніндегі төртінші Дүниежүзілік конференцияда Пекин декларациясы мен әйелдер құқықтарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша нақты іс-қимылдар бейілділігін растайтын Іс-қимылдар тұғырнамасы қабылданған болатын.

Әйелдер мен қыздар планетаның жарты халқын құрайды, бұл дегеніміз адамзат әлеуетінің жартысына тең. Әйелдерді қоғамдық өмірге тарту нәтижелі және экономикалық өсімге әкелетіні расталған. Олар репродуктивтік денсаулық мәселелері бойынша жаһандық қозғалыстың алдында. Белсенділер балалар некесі мәселелерін, білім берудегі теңсіздіктер, үйдегі зорлық-зомбылық, қыздардың құқықтарын қорғау және лайықты өмірді қамтамасыз ету мәселелерін шешумен айналысуда. Осы орай мектепішілік іс шаралар жоспары құрылғандығы , қыз балалармен шаралар ұйымдастырылып жатқандығы, қыз балалар арасында ерте жүктіліктің алдын алу, зорлық зомблықтың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатқандығы туралы баяндады.

2 мәселе бойынша ДТІЖО Н.М.Асетова сөз сөйлеп, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажеттігі жайлы айтты.

Мақсаты: білім алушыларға қылмыстың – қоғамға қауіпті әрекет, оның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмысы, қылмыстық жауапкершілік, оған қолданылатын жаза түрлері, кінәні жеңілдететін, жауапкершілікті ауырлататын жағдайлар туралы толық түсіндіру, құқықтық сауаттылығын арттыру, салауаттылыққа тәрбиелеп, өз әрекеттеріне баға бере білуге баулу. Ата заңымызға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастырып, шыншыл да әділетті және парасатты тұлғаны қалыптастыру.

Осы мақсатта мектебімізде іс шаралар өткізіліп тұрады. Оқушылармен дөңгелек үстелдер, тәрбие сағаттары, өткізіліп тұрады.

**Жиналыс қаулы етеді**.

1. Әр айда қыздар жиналысы жүйелі түрде өткізілсін, оқушы қыздардың жиналысқа толық қатысуы қамтамасыз етілсін.

2. Құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары жандандырылсын.

**Өзін өзі басқару ұйымының жетекшісі:** **Х.Нарзулла**

**Хатшы:** **Ю.Жунашова**

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған»
жалпы білім беретін мектебінде
«Менің сүйікті отбасым» тақырыбында
өткізілген сурет көрмесі туралы

# МӘЛІМЕТ

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде 6қыркүйек күні 5- сыныптар арасында «Менің сүйікті отбасым» тақырыбында сурет көрмесі өтті. Сурет көрмесінің негізгі мақсаты балалалардың отбасына деген мейірімін, махаббатын, бақытты сәттерін өздерінің салған суреттері арқылы жеткізу.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық - бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз. Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Осыған орай балалар өз отбасыларындағы бақытты сәттерін сурет арқылы жеткізді. Оқушылар көрмеге белсенді қатысты.






Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Ю.Жунашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде 7-қыркүйек Дүниежүзілік денсаулық күніне орай өткізілген флешмоб туралы

# МӘЛІМЕТ

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде 7-қыркүйек «Дүниежүзілік денсаулық күні»не орай жаппай спорттық жаттығулар орындау өткізілді.

Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, оқушылардың өнер мен денсаулық туралы түсінік беру. Денсаулықтың негізі қимыл, спорт, дұрыс тамақтану, таза ауада жүру екенін балаларға ұғындыру. Өзін-өзі күте білуге, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу, әдемілікті, сұлулықты сезіне білуге баулу.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі оқушыларды салауатты өмір салтын ұстауға, жеке бас гигинасын сақтауға, дене шынықтырумен спортпен шұғылдануға мектеп партасынан - ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге шақырды. Әр бір азамат спортпен айналысып, әртүрлі спорт секцияларына қатысып еліміздің дені сау, рухы күшті азаматы болып өсулеріне тілектес екенін айтып спорттық жаттығулар жасатты.






Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Ю.Жунашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған»
жалпы білім беретін мектебінде
«Менің таза аулам» тақырыбында
өткізілген сенбілік туралы

# МӘЛІМЕТ

Мектепте тазалық жұмыстары күнделікті тәртіп саналады. Отбасында әр ата ана балаларды тазалыққа үйретіп, қоршаған ортаны тазалықта ұстау керектігін бойына сіңіреді. Бұл қоғамдық сананың элементін мектеп бағдарламасына енгізіп, балаларды қоршаған ортаны аялауға баулиды. Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Осы міндетті орындау мақсатында 22.09.2023 ж күні мектебімізде мектепішілік сенбілік өтті. Сенбілікке 7-9 сыныптар белсене қатысты. Сыныптар өздеріне бөлініп берілген мектеп ауласын тазалады. Мектеп айналасындағы аумақ тұрмыстық қалдықтардан, жарпырақтардан тазартылып, үлкен жұмыс атқарылды.«Тазалық – табалдырықтан басталады», демекші қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанына серік еткен ұландықтар ерекше белсенділік танытты. Алдағы уақытта мектеп ауласының тазалығын сақтау мақсатында жұмыстар жүйелі жоспарға сәйкес жалғасатын болады.





Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Ю.Жунашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде өткізілген мектепішілік президент сайлауы туралы

# МӘЛІМЕТ

Қос-қорған жалпы білім беретін мектебінде оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлау іс-шарасы өтті. Биылғы мектеп Президенттігіне үміткер болып үш оқушы тіркеліп, өздерінің жұмыс жоспары мен алға қойған мақсаттарын жариялап, үлкен белсенділік танытты.




Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының Президентін сайлауды мектеп директоры М.Изатуллаева ашып берді және президннттікке үміткер оқушыларға өз даусын берді. Оқушыларға сайлаудың тәртібі жайлы ДТІЖО Н.М.Асетова түсіндірді.





Президенттікке үміткер оқушыларды сайлауға мектеп оқушылары мен мұғалімдер қатысып, белсенді, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатыса алатын жауапты, тәртіпті кандидаттарына дауыс берді.












Нәтижесінде мектебіміздің 10 «А» сынып оқушысы Еркиновна Диляра басым дауысқа ие болып, мектеп Президенттілігіне сайланды.





Мектеп директоры М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог Ю.Жунашова

Тәлімгер Х.Нарзулла

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде 1 қазан «Қарттар күні»-не орай өткізілген кездесу туралы

# МӘЛІМЕТ

1 қазан - Халықаралық қарттар күні!

Қарттар күні – мейірім мен шуаққа толы айтулы күн. Бұл күні біз қарттарымызға деген қамқорлығымыз бен құрметімізді барынша тағы бір мәрте көрсетуге, ерекше ілтипат танытуға тырысамыз. Өскелең ұрпақ үшін әр салада өзіндік қолтаңбасын қалдырған көнекөз қарияларымыздың орны ерекше. Аталмыш мерекенің мәні де осында жатса керек.

Мерекеге орай аулымыздағы еңбек ардагері Жунашова Анжир әжемізді құттықтадық. Құттықтауға ДТІЖО, педагог ұйымдастырушы, тәлімгер, жынып жетекші Маметова У. 4"А" сынып оқушыларын алып барды. Оқушылар өлең жолдарын жолдап, ән шырқады. Әжеміз ризашылығын білдіріп ақ батасын берді. Ұстаздар «Қарттар күнімен» құттықтап әжемізге денсаулық, ұзақ ғұмыр, немерелерінің қызықшылығын көруді тілеп алғыс білдірді.






Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Ю.Жунашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран білім бөлімі «Қос-Қорған» жалпы

білім беретін мектепбінде 5 қазан ұстаздар

күніне орай өткізілген іс-шара туралы

**Мәлімет**

5 қазан күні "Қос-қорған" жалпы білім беретін мектепте ұстаздар күніне орай оқушыларға білім мен біліктілікті ұстаз еңбегінен бастау алатынын оқушы санасына жеткізу, ұстазды құрметтеу мен сыйлауға тәрбиелеу мақсатында тәлімгер Х.Нарзулла мен педагог-ұйымдастырушы Ю.Жунашованың ұйымдастыруымен «Үстаз - ұлы есім» атты мерекелік іс-шара өткізілді.





Мектеп директоры М.Изатуллаева сөз сөйлеп барлық ұстаздарды мерекелерімен құттықтады. Ардагер ұстаз Шакарова Сайёра апай кешіміздің қонағы болды. Өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, алғыстарын білдірді.





Ұстаздарымызға оқушыларымыз ән-жырдан шашу шашып, "Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынов" тың қазақ әліпбиін қалай жазғандығы жайлы сахналық қойылым қойып, көрермен көңілінен шықты.







Мерекелік іс-шара әлуметтік желіге жарялинды.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0375DXqTyjmVVuX2hzw2CW2s4LbomNg9N2KRDFqT1mswxwqzWcPXY71cCG2AmQ9UwLl&id=100036095820613&sfnsn=mo&mibextid=RUbZ1f

Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Ю.Жунашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла

Сауран білім бөлімі «Қос- қорған» жалпы білім беретін мектебінде 5 қазан мұғалімдер күніне орай өткізілген «Дублер күні» туралы

# МӘЛІМЕТ

Сауран ауданы білім бөлімі «Қос-қорған» жалпы білім беретін мектебінде 5 қазан ұстаздар күніне орай өзін-өзі басқару ұйымың ұйымдастыруымен "Дублер күні" өткізілді. Дублер күнін өткізу мақсаты мектептегі өзін- өзі басқару ұйымының жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту. Аталған мақсатты жүзеге асыруда мектеп оқушылары ерекше қызығушылық танытып, белсенді ат салысты.Дублер күні оқушылар сабаққа ынта-ықласпен дайындалып түрлі тәсілдермен тәжірибелер көрсетіп, төменгі сынып оқушыларын қызықтыра білді.

Шара соңын қорытындылай келе, оқушылар «Дублер күні» алған әсерлері мен ұстаздық қызметтің қиыны мен қызығы туралы өзара пікір алмасты.Бір күн дублер бола отырып, мектеп өмірінің бір күндік тыныс-тіршілігіне араласып оқушыларымыз оң әсер алды. Дудлер күніне арналған видеоролик жасалынып әлеуметтік желіде жарияланды.

https://www.facebook.com/100036095820613/posts/pfbid02K83uG9b8oBBjCw7wAo8tmgj11zJVPc8GUXWnTnTC6KK6pUh4YqwnqJ7eZ4AeCk9Jl/?sfnsn=mo&mibextid=VhDh1V






Мектеп директоры: М.Изатуллаева

Ұйымдастырушы педагог: Ю.Жунашова

Тәлімгер: Х.Нарзулла